<p><b>«Маржинальный займ»</b> - займ денежных средств или займ Ликвидных ценных бумаг, предоставляемый Компанией Клиенту в размере возникающей Непокрытой позиции по соответствующему Портфелю Клиента, выдаваемый Компанией Клиенту в случае принятия Компанией к исполнению Поручения Клиента на заключение Сделок с использованием Маржинальных займов в случаях и на условиях, предусмотренных Регламентом и настоящими Правилами.</p>	<p><b>«Маржалық қарыз»</b> - Компания Регламентте және осы Қағидаларда көзделген жағдайларда және талаптарда Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәмілелер жасасуға Клиенттің Тапсырмасын орындауға Компания қабылдаған жағдайда, Компания Клиентке Клиенттің тиісті Портфелі бойынша туындайтын Өтелмеген позиция мөлшерінде Клиентке беретін ақша қаражатының қарызы немесе Өтімді бағалы қағаздардың қарызы.</p>
<p><b>«Маржинальное требование»</b> – требование Компании (i) об исполнении Клиентом своих обязательств по Маржинальным займам (погашению Маржинальных займов и выплате процентов по Маржинальным займам) и/или (ii) требование о внесении Клиентом на клиентский счет дополнительных финансовых инструментов и/или</p>	<p><b>«Маржалық талап»</b> - Компанияның (i) Клиенттің Маржалық қарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы талабы (Маржалық қарыздарды өтеу және Маржалық қарыздар бойынша пайыздарды төлеу) және/немесе (ii) Клиенттің клиенттік шотына маржа деңгейіне қатысты қолданылатын талаптарды орындау үшін қажетті</p>



денежных средств, необходимых для выполнения применимых требований в отношении уровня маржи.	қосымша қаржы құралдарын және/немесе ақша қаражатын енгізуі туралы талабы.
<p><b>«Ставка дисконта»</b> – является риск-параметром, предназначенным для оценки риска изменения цены финансового инструмента при ликвидации его открытой позиции. Ставка дисконта по финансовому инструменту выражается в процентах и используется при расчете достаточности обеспечения, показателей Начальной маржи и Минимальной маржи.</p>	<p><b>«Дисконт мөлшерлемесі»</b> бұл – ашық позицияны жою кезінде қаржы құралының бағасының өзгеру тәуекелін бағалауға арналған тәуекел параметрі. Қаржы құралы бойынша дисконт мөлшерлемесі пайызбен көрсетіледі және қамтамасыз етудің жеткіліктілігін, Бастапқы маржа көрсеткіштерін және Ең төменгі маржаны есептеу кезінде пайдаланылады.</p>
<p><b>«Начальная маржа»</b> – величина, отражающая риск Портфеля Клиента и рассчитываемая в СИТ на основании ставок дисконта и плановых позиции по инструментам. Рассчитывается в долларах США</p>	<p><b>«Бастапқы маржа»</b> - Клиент Портфелінің тәуекелін көрсететін және дисконт мөлшерлемелері мен құралдар бойынша жоспарлы позициялар негізінде ИТЖ-да есептелетін шама. АҚШ долларымен есептеледі.</p>
<p><b>«Норматив покрытия риска 1» («НПР1»)</b> – норматив покрытия риска при исполнении Поручений Клиента, представляет собой разницу между стоимостью Портфеля Клиента в долларах США и размером Начальной маржи.</p> <p>Норматив покрытия риска 1 рассчитывается по формуле:</p> $\text{НПР1} = S - M_0,$ <p>где:</p> <p>S – стоимость Портфеля клиента,</p> <p>M<sub>0</sub> – размер Начальной маржи.</p>	<p><b>«1-тәуекелді өтеу нормативі 1» («1-ТӨН»)</b> – Клиенттің Тапсырмаларын орындау кезіндегі тәуекелді өтеу нормативі Клиенттің Портфелінің АҚШ долларындағы құны мен Бастапқы маржаның мөлшері арасындағы айырмашылықты білдіреді.</p> <p>1-тәуекелді өтеу нормативі мынадай формула бойынша есептеледі:</p> $1\text{-ТӨН} = S - M_0,$ <p>мұндағы:</p> <p>S – Клиент Портфелінің құны,</p> <p>M<sub>0</sub> – Бастапқы маржаның мөлшері.</p>
<p><b>«Минимальная маржа»</b> – величина, рассчитываемая в СИТ, равная половине Начальной маржи.</p>	<p><b>«Ең төмен маржа»</b> - Бастапқы маржаның жартысына тең ИТЖ-да есептелетін шама.</p>
<p><b>«Норматив покрытия риска 2» («НПР2»)</b> – норматив покрытия риска при изменении стоимости Портфеля Клиента, представляет собой разницу между стоимостью Портфеля Клиента в долларах США и размером Минимальной маржи.</p> <p>Норматив покрытия риска 2 рассчитывается по формуле:</p> $\text{НПР2} = S - M_x,$ <p>где:</p> <p>S – стоимость Портфеля Клиента,</p> <p>M<sub>x</sub> – размер Минимальной маржи.</p>	<p><b>«2-тәуекелді өтеу нормативі 1» («2-ТӨН»)</b> – Клиенттің Портфелі құнының өзгеруі кезіндегі тәуекелді өтеу нормативі Клиенттің Портфелінің АҚШ долларындағы құны мен Бастапқы маржаның мөлшері арасындағы айырмашылықты білдіреді.</p> <p>2-тәуекелді өтеу нормативі мынадай формула бойынша есептеледі:</p> $2\text{-ТӨН} = S - M_x,$ <p>мұндағы:</p> <p>S – Клиент Портфелінің құны,</p> <p>M<sub>x</sub> – Ең төмен маржаның мөлшері.</p>
<p><b>4.Порядок принятия и исполнения клиентских Поручений на заключение Сделок с использованием Маржинальных займов</b></p>	<p><b>4.Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәмілелер жасасуға клиенттік Тапсырмаларды қабылдау және орындау тәртібі</b></p>

<p>Сделки с использованием Маржинального займа совершаются Компанией на основании клиентских Поручений на покупку и продажу финансовых инструментов через СИТ или Поручений на осуществление неторговых операций, приводящих к возникновению Непокрытой позиции, рассматриваемыми Компанией как Поручения на заключение Сделок с использованием Маржинальных займов в соответствии с разделом 7 Регламента.</p> <p>Для подачи поручения на заключение Сделки с использованием Маржинальных займов в СИТ Клиент должен предварительно подтвердить, что намерен заключить Сделку с использованием Маржинальных займов на условиях настоящего Приложения 7, активировав опцию «Использовать маржу» в разделе «Настройки приказа».</p> <p>После активации опции «Использовать маржу» в разделе «Настройки приказа» в СИТ, при подаче Поручения с активированной опцией «Использовать маржу», Клиент каждый раз автоматически подтверждает свое согласие на заключение Сделок с использованием Маржинальных займов в момент подачи соответствующего Поручения в СИТ.</p>	<p>Компания Маржалық қарызды пайдалана отырып Мәмілелерді Регламенттің 7-бөліміне сәйкес Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәмілелер жасасуға арналған Тапсырма ретінде Компания қарайтын, ИТЖ арқылы қаржы құралдарын сатып алуға және сатуға арналған клиенттік Тапсырмалар немесе Өтелмеген позицияның туындауына әкеп соғатын саудаға жатпайтын операцияларды жүзеге асыруға арналған Тапсырмалар негізінде жасайды.</p> <p>ИТЖ-де Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәміле жасасуға тапсырма беру үшін Клиент осы 7-қосымшаның талаптарында «Бұйрықты баптау» бөліміндегі «Маржаны пайдалану» опциясын белсендіре отырып, Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәміле жасасуға ниетті екенін алдын ала растауға тиіс.</p> <p>ИТЖ-ді «Бұйрықты баптау» бөліміндегі «Маржаны пайдалану» опциясын іске қосқаннан кейін, «Маржаны пайдалану» опциясы қосылған Тапсырманы берген кезде Клиент әр жолы ИТЖ-де тиісті Тапсырманы берген сәтте Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәмілелер жасауға өзінің келісімін автоматты түрде растайды.</p>
<p>Сведения обо всех сделках, включая Сделки с использованием Маржинальных займов, за отчетный период, а также о суммах комиссий в связи с совершением Сделок с использованием Маржинальных займов, указываются Компанией в отчете брокера, предоставляемом Клиенту в соответствии с Регламентом.</p>	<p>Компания есепті кезеңдегі Маржалық қарыздарды пайдалана отырып жасалған Мәмілелерді қоса алғанда, барлық мәміле туралы, сондай-ақ Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәмілелер жасауға байланысты комиссиялардың сомалары туралы мәліметтерді Регламентке сәйкес Клиентке берілетін брокердің есебінде көрсетеді.</p>
<p>Клиент обязуется самостоятельно отслеживать значения Начальной маржи, Минимальной маржи, Норматива покрытия риска 1 (НПР1), Норматива покрытия риска 2 (НПР2) в СИТ в разделе «Риски».</p> <p>Клиент вправе самостоятельно совершать действия по поддержанию положительных значений НПР1 и НПР2 путем зачисления дополнительных денежных средств на клиентский счет или путем совершения сделок и иных операций, приводящих к увеличению стоимости Портфеля Клиента и/или снижению значений Начальной и Минимальной маржи.</p> <p>В случае если стоимость Портфеля Клиента стала меньше размера Начальной маржи (НПР1 принял значение меньше 0), Компания вправе направить Клиенту уведомление об этом по электронному адресу, содержащее сведения о стоимости Портфеля Клиента, размере Начальной и размере Минимальной маржи. В случае, если стоимость</p>	<p>Клиент «Тәуекелдер» бөлімінде Бастапқы маржаның, Ең төменгі маржаның, 1-тәуекелді өтеу нормативінің (1-ТӨН), 2-тәуекелді өтеу нормативінің (2-ТӨН) мәндерін дербес бақылауға міндеттенеді.</p> <p>Клиент клиенттік шотқа қосымша ақша қаражатын аудару жолымен немесе Клиенттің Портфелі құнының ұлғаюына және/немесе Бастапқы және Ең төменгі маржа мәндерінің төмендеуіне әкеп соғатын мәмілелер мен өзге де операцияларды жасау жолымен 1-ТӨН және 2-ТӨН оң мәндерін ұстап тұру жөнінде өз бетінше іс-әрекеттер жасауға құқылы.</p> <p>Егер Клиент Портфелінің құны Бастапқы маржа мөлшерінен аз болған жағдайда (1-ТӨН 0-ден кем мәнді қабылдаған), Компания Клиентке бұл туралы Клиент Портфелінің құны, Бастапқы маржа мөлшері және Ең төменгі маржа мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын хабарламаны электрондық мекенжай бойынша жіберуге құқылы. Егер Клиент Портфелінің</p>

<p>Портфеля Клиента стала меньше размера Минимальной маржи (НПР2 принял значение меньше 0), Компания вправе направить клиенту уведомление об этом по электронному адресу, а также информацию о действиях Компании, предпринимаемых для исполнения обязательств по Маржинальным займам, в том числе о принудительном закрытии позиций Клиента, в срок не позднее окончания времени проведения организованных торгов того дня.</p>	<p>құны Ең төменгі маржа мөлшерінен кем болған жағдайда (2-ТӨН 0-ден кем мәнді қабылдаған), Компания Клиентке бұл туралы электрондық мекенжай бойынша хабарлама, сондай-ақ Маржалық қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау үшін қабылданатын Компанияның іс-әрекеттері туралы, оның ішінде Клиенттің позицияларын мәжбүрлеп өтеу туралы ақпаратты сол күні ұйымдастырылған сауда-саттықты өткізу уақытынан кешіктірілмейтін мерзімде жіберуге құқылы.</p>
<p><b>5. Порядок принудительного закрытия позиций</b></p> <p>Основанием для принудительного закрытия позиции по денежным средствам и/или по финансовым инструментам является:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- снижение стоимости Портфеля Клиента ниже размера Минимальной маржи (НПР2 принял значение меньше 0), рассчитываемых Компанией в отношении Портфеля Клиента в СИТ, в том числе в случае, если в дальнейшем с момента, когда стоимость Портфеля Клиента стала выше уровня соответствующего ему размера Минимальной маржи, прошло менее 1 (Одного) часа;</li> <li>- приостановление (планируемое приостановление) или прекращение (планируемого прекращения) совершения на организованном (биржевом) рынке сделок с ценными бумагами и другими финансовыми инструментами и иностранными валютами, которые могут приниматься в качестве обеспечения исполнения обязательств Клиента при заключении Сделок с использованием Маржинальных займов;</li> <li>- приостановление или прекращение допуска Компании, действующей от своего имени за счет и по поручению Клиента, к участию в организованных торгах, проводимых организатором торговли (биржей), в части установления запрета Компании как участнику торгов заключать договоры на организованных торгах (осуществлять операции — направлять / отзывать биржевые заявки) за счет и по поручению Клиента как клиента Компании (участника торгов / участника клиринга) в системе электронных торгов организатора торговли (биржи), по решению организатора торговли (биржи) или клиринговой организации;</li> </ul>	<p><b>5. Позицияларды мәжбүрлеп өтеу тәртібі</b></p> <p>Ақша қаражаты және/немесе қаржы құралдары бойынша позицияны мәжбүрлеп өтеу үшін мыналар негіз болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Клиент Портфелінің құнын ИТЖ-дегі Клиенттің Портфеліне қатысты Компания есептейтін Ең төменгі маржа мөлшерінен төмен азайту (2-ТӨН 0-ден төмен мәнді қабылдады), оның ішінде егер болашақта Клиент Портфелінің құны оған сәйкес Ең төменгі маржа мөлшерінің деңгейінен жоғары болған сәттен бастап 1 (Бір) сағаттан аз уақыт өткен жағдайда;</li> <li>- ұйымдастырылған (биржалық) нарықта Маржалық қарыздарды пайдалана отырып Мәмілелер жасасу кезінде Клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде қабылдануы мүмкін бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен және шетел валюталарымен мәмілелер жасауды тоқтата тұру (жоспарланып отырған тоқтата тұру) немесе тоқтату (жоспарланып отырған тоқтату);</li> <li>— Клиенттің есебінен және оның тапсырмасы бойынша өз атынан әрекет ететін Компанияның сауданы ұйымдастырушы (биржа) өткізетін ұйымдастырылған сауда-саттыққа Компанияға сауда-саттыққа қатысушы ретінде сауданы ұйымдастырушының (биржаның) электрондық сауда-саттық жүйесінде Компанияның клиенті ретінде (сауда-саттыққа қатысушы/ клирингке қатысушы) Клиенттің есебінен және оның тапсырмасы бойынша ұйымдастырылған сауда-саттықта шарттар жасасуына (операцияларды жүзеге асыруға - биржалық өтінімдерді жіберуге/кері қайтарып алуға) тыйым салуды белгілеу бөлігінде сауданы (биржаны) ұйымдастырушының немесе клирингтік ұйымның шешімі бойынша</li> </ul>

<ul style="list-style-type: none"> <li>- неисполнение и/или ненадлежащее исполнение Клиентом каких-либо обязательств по Договору;</li> <li>- признание Клиента судом или компетентным органом несостоятельным (банкротом) или выявления у Клиента признаков несостоятельности;</li> <li>- ликвидация Клиента (если Клиент - юридическое лицо) либо получение Компанией достоверной, по ее мнению, информации о смерти Клиента (если Клиент - физическое лицо);</li> <li>- Выполнение Компанией требования закона, уполномоченного органа или регулятора.</li> </ul>	<p>қатысуына жіберуін тоқтата тұру немесе тоқтату;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Клиенттің Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындамауы және / немесе тиісінше орындамауы;</li> <li>- сот немесе құзыретті орган Клиентті дәрменсіз (банкрот) деп тануы немесе Клиентте дәрменсіздік белгілерін анықтауы;</li> <li>- Клиентті тарату (егер Клиент заңды тұлға болса) не Компанияның Клиенттің қайтыс болғаны туралы оның пікірі бойынша дәйекті ақпарат алуы (егер Клиент жеке тұлға болса);</li> <li>- Компанияның заңның, уәкілетті органның немесе реттеушінің талаптарын орындауы.</li> </ul>
<p>В случае наступления обстоятельства, являющегося основанием для погашения Маржинального займа по денежным средствам, Клиент безотзывно поручает Компании осуществить продажу необходимого количества финансовых инструментов Клиента.</p>	<p>Ақша қаражаты бойынша Маржалық қарызды өтеу үшін негіз болып табылатын мән-жайлар басталған жағдайда, Клиент Компанияға Клиенттің қажетті қаржы құралдарын сатуды жүзеге асыруды қайтарымсыз тапсырады.</p>
<p>В случае наступления обстоятельства, являющегося основанием для погашения Маржинального займа по финансовым инструментам, Клиент безотзывно поручает Компании осуществить покупку необходимого количества финансовых инструментов.</p>	<p>Қаржы құралдары бойынша Маржалық қарызды өтеу үшін негіз болып табылатын мән-жайлар басталған жағдайда, Клиент Компанияға қажетті қаржы құралдарын сатып алуды жүзеге асыруды қайтарымсыз тапсырады.</p>
<p>В целях обеспечения возможности принудительного погашения Маржинального займа Компания вправе снять (отменить) все или часть неисполненных заявок, поданных Клиентом.</p>	<p>Маржалық қарызды мәжбүрлеп өтеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Компания Клиент берген орындалмаған өтінімдердің барлығын немесе бір бөлігін алып тастауға (жоюға) құқылы.</p>
<p>При осуществлении погашения Маржинальных займов и закрытия позиций Клиента Компания самостоятельно (по своему усмотрению) определяет очередность покупки/продажи финансовых инструментов, а также дату и время заключения соответствующих сделок. Продажа/покупка финансовых инструментов осуществляется в количестве необходимом для восстановления значения Норматива покрытия риска 2 (НПР2) более 0. Сделки совершаются по рыночной цене. Однако, Клиент настоящим подтверждает, что понимает, осознает и соглашается с тем, что Компания осуществляет операции по закрытию позиций Клиента в целях обеспечения поддержания оптимальных значений НПР-1 и НПР-2 и недопущения снижения стоимости Портфеля Клиента ниже установленного уровня Начальной маржи и Минимальной маржи в случаях, когда Клиент не</p>	<p>Маржалық қарыздарды өтеуді және Клиенттің позицияларын өтеуді жүзеге асыру кезінде Компания қаржы құралдарын сатып алу/сату кезектілігін, сондай-ақ тиісті мәмілелер жасалған күн мен уақытты дербес (өз қалауы бойынша) айқындайды. Қаржы құралдарын сату/сатып алу 2-тәуекелді өтеу нормативінің (2-ТӨН) мәнін 0-ден артық қалпына келтіру үшін қажетті мөлшерде жүзеге асырылады. Мәмілелер нарықтық бағамен жасалады. Алайда, Клиент осымен 1-ТӨН және 2-ТӨН оңтайлы мәндерін қолдауды қамтамасыз ету және Клиент осы міндетті өз бетінше орындауды қамтамасыз етпеген жағдайларда Клиент Портфелі құнының Бастапқы маржаның белгіленген деңгейінен және Ең төменгі маржадан төмен азаюына жол бермеу мақсатында Компанияның Клиенттің позицияларын өтеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыратынын түсінетінін, түсінетінін және келісетінін растайды. Компанияның негізгі басымдығы Клиенттің ПОРТФЕЛІ</p>

обеспечил исполнение этой обязанности самостоятельно. Основным приоритетом Компании является скорейшее восстановление оптимальных значений НПР-1 и НПР-2 по Портфелю Клиента и исключение риска недостаточности активов Клиента для расчета по всем обязательствам Клиента. Компания совершает сделки купли-продажи иностранной валюты или соответствующих финансовых инструментов по рыночной цене, обеспечивающей максимально быстро исполнение соответствующей сделки. Стороны пришли к соглашению считать указанные сделки договорами, заключенными на лучших доступных Компании условиях. Стороны пришли к соглашению о том, что в указанных случаях Компания не несет ответственности за убытки, в том числе упущенную выгоду, понесенные расходы, неполученные доходы, иные правовые последствия, понесенные Клиентом, связанные с указанными действиями Компании.

Клиент уведомлен Компанией и понимает, что у Компании может отсутствовать возможность по закрытию Непокрытой позиции Клиента по тому или иному активу по причине, связанной с:

- отсутствием предложения актива, по которому возникла Непокрытая позиция;
- отсутствием спроса на иные активы Клиента, которые являются обеспечением исполнения обязательства Клиента по закрытию Непокрытой позиции по активу;
- запретом совершения сделок (операций) с активом в соответствии с актом уполномоченного органа государственной власти (государственного органа);
- запретом совершения операций, в том числе проведения расчетов, в иностранной валюте, необходимых в целях закрытия Непокрытой позиции по активу, в соответствии с актом уполномоченного органа государственной власти (государственного органа);
- запретом совершения операций, в том числе проведения расчетов, в иностранной валюте, необходимых в целях совершения сделок (операций) с иным активом, который является обеспечением исполнения обязательства Клиента по закрытию Непокрытой позиции по соответствующему активу, в соответствии с актом уполномоченного органа государственной власти (государственного органа);
- запретом совершения сделок (операций) с активом в соответствии с решением организатора торговли (биржи) /

бойынша 1-ТӨН және 2-ТӨН оңтайлы мәндерін жылдам қалпына келтіру және Клиенттің барлық міндеттемесі бойынша есептеу үшін Клиенттің активтерінің жеткіліксіздігі тәуекелін болдырмау болып табылады. Компания тиісті мәміленің мүмкіндігінше тез орындалуын қамтамасыз ететін нарықтық баға бойынша шетел валютасын немесе тиісті қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелерін жасайды. Тараптар аталған мәмілелерді Компанияның үздік қол жетімді талаптарда жасалған шарттар деп санауға келісімге келді. Тараптар аталған жағдайларда Компания Компанияның көрсетілген әрекеттеріне байланысты Клиент келтірген залалдар, оның ішінде жоғалған пайда, жұмсалған шығыстар, алынбаған кірістер, өзге де құқықтық зардаптар үшін жауап бермейді деген келісімге келді.

Компанияда Клиенттің Өтелмеген позициясын жабу мүмкіндігінің мыналарға байланысты себеппен белгілі бір актив бойынша болмауы мүмкін екенін Компания Клиентке хабарлайды және түсінеді:

- Өтелмеген позиция туындаған активті ұсынудың болмауы;
- актив бойынша Өтелмеген позицияны жабу бойынша Клиенттің міндеттемесін орындауды қамтамасыз ететін Клиенттің өзге активтеріне сұраныстың болмауы;
- мемлекеттік биліктің уәкілетті органының (мемлекеттік органның) актісіне сәйкес активпен мәмілелер (операциялар) жасауға тыйым салу;
- мемлекеттік биліктің уәкілетті органының (мемлекеттік органның) актісіне сәйкес актив бойынша Өтелмеген позицияны жабу мақсатында қажетті операцияларды жасауға, оның ішінде шетел валютасында есеп айырысулар жүргізуге тыйым салу;
- мемлекеттік биліктің уәкілетті органының (мемлекеттік органның) актісіне сәйкес тиісті актив бойынша Өтелмеген позицияны жабу жөніндегі Клиенттің міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын өзге активпен мәмілелер (операциялар) жасау мақсатында қажетті операцияларды жасауға, оның ішінде шетел валютасында есеп айырысулар жүргізуге тыйым салу;
- сауданы ұйымдастырушының (биржаның)/клирингтік ұйымның/Орталық депозитарийдің/есеп айырысу

<p>клиринговой организации / центрального депозитария / расчетного депозитария;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- запретом совершения операций, в том числе проведения расчетов, в иностранной валюте, необходимых в целях закрытия Непокрытой позиции по активу, в соответствии с решением организатора торговли (биржи) / клиринговой организации / центрального депозитария / расчетного депозитария;</li> <li>- запретом совершения операций, в том числе проведения расчетов, в иностранной валюте, необходимых в целях совершения сделок (операций) с иным активом, который является обеспечением исполнения обязательства Клиента по закрытию Непокрытой позиции по активу, в соответствии с решением организатора торговли (биржи) / клиринговой организации / центрального депозитария / расчетного депозитария;</li> <li>- наступлением (действием) обстоятельств непреодолимой силы;</li> <li>- в иных случаях, предусмотренных применимым регулированием,</li> </ul> <p>В случае отсутствия возможности по закрытию Непокрытой позиции Клиента по определенному активу Компания не несет ответственности за убытки, в том числе упущенную выгоду, понесенные расходы, неполученные доходы, иные правовые последствия, понесенные Клиентом и связанные с отсутствием указанной возможности или подходящих рыночных условий по закрытию Непокрытой позиции Клиента.</p>	<p>депозитарийінің шешіміне сәйкес активпен мәмілелер (операциялар) жасауға тыйым салу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сауданы ұйымдастырушының (биржаның)/клирингтік ұйымның/Орталық депозитарийдің/есеп айырысу депозитарийінің шешіміне сәйкес актив бойынша Өтелмеген позицияны жабу мақсатында қажетті операцияларды жасауға, оның ішінде шетел валютасында есеп айырысулар жүргізуге тыйым салу;</li> <li>- сауданы ұйымдастырушының (биржаның)/клирингтік ұйымның/Орталық депозитарийдің/есеп айырысу депозитарийінің шешіміне сәйкес актив бойынша Өтелмеген позицияны жабу жөніндегі Клиенттің міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын өзге активпен мәмілелер (операциялар) жасау мақсатында қажетті операцияларды жасауға, оның ішінде шетел валютасында есеп айырысулар жүргізуге тыйым салу;</li> <li>- еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуымен (әрекетімен) ;</li> <li>- қолданыстағы реттеуде көзделген өзге де жағдайларда.</li> </ul> <p>Белгілі бір актив бойынша Клиенттің Өтелмеген позициясын жабу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Компания Клиентке келтірілген шығындар, оның ішінде жоғалған пайда, жұмсалған шығыстар, алынбаған кірістер және көрсетілген мүмкіндіктің немесе Клиенттің Өтелмеген позициясын жабу бойынша тиісті нарықтық жағдайлардың болмауына байланысты өзге де құқықтық зардаптар үшін жауап бермейді.</p>
<p><b>6. Проведение расчетов с Клиентом в связи с привлечением Маржинальных займов</b></p>	<p><b>6. Маржалық қарыздарды тартуға байланысты Клиентпен есеп айырысуды жүргізу</b></p>
<p>Клиенту надлежит до 17:00 по времени Астаны рабочего дня, следующего за датой получения Клиентом Маржинального требования от Компании, выполнить Маржинальное Требование, выдвинутое Компанией.</p>	<p>Клиент Компаниядан Маржалық талапты алған күнінен кейінгі жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 17:00-ге дейін Компания ұсынған Маржалық талапты орындауы керек.</p>
<p>Несмотря на указанное выше, Компания исключительно по своему усмотрению вправе потребовать от Клиента выполнения Маржинального требования до окончания текущего Рабочего дня.</p>	<p>Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Компания тек өз қалауы бойынша Клиенттен ағымдағы жұмыс күні аяқталғанға дейін Маржалық талаптарды орындауды талап етуге құқылы.</p>
<p>Компания вправе приостановить исполнение принятых Поручений Клиента до момента, когда Клиент предоставит дополнительное обеспечение.</p>	<p>Компания Клиент қосымша қамтамасыз етуді ұсынған сәтке дейін Клиенттің қабылдаған Тапсырмаларының орындалуын тоқтата тұруға құқылы.</p>

<p>Компания удерживает путем безакцептного списания с торгового счета Клиента, а также специального D-Счета Клиента, причитающиеся Компании проценты/купонные доходы на финансовые инструменты и доходы иного распределения по финансовым инструментам, которые Клиент получил в результате Маржинального займа финансовыми инструментами.</p>	<p>Компания Клиенттің сауда шотынан, сондай-ақ Клиенттің арнайы D-шотынан акцептсіз есептен шығару жолымен Компанияға тиесілі қаржы құралдарына пайыздар/купондық кірістер және Клиент қаржы құралдарымен Маржалық қарыз нәтижесінде алған қаржы құралдары бойынша өзге де үлестіру кірістерін ұстап қалады.</p>
<p><b>7. Порядок погашения Задолженности Клиента</b></p>	<p><b>7. Клиенттің Берешегін өтеу тәртібі</b></p>
<p>В случае недостаточности вырученных от продажи финансовых инструментов денежных средств для погашения Задолженности Клиента перед Компанией, и отсутствия иных финансовых инструментов, в отношении которых Компания имеет право продажи, Клиент не позднее конца рабочего дня, следующего за днем предъявления Компанией соответствующего требования, обязан перечислить на счет Компании сумму в размере оставшейся части Задолженности Клиента и/или осуществить поставку финансовых инструментов на указанный Компанией счет.</p> <p><b>8. Порядок присвоения уровня риска Клиенту</b></p> <p>Компания присваивает каждому Клиенту уровень риска путем отнесения Клиента к одной из следующих категорий:</p> <p>(i) клиент со стандартным уровнем риска;</p>	<p>Клиенттің Компания алдындағы Берешегін өтеу үшін қаржы құралдарын сатудан келіп түскен ақша қаражаты жеткіліксіз болған және Компанияның сатуға құқығы бар өзге қаржы құралдары болмаған жағдайда, Клиент Компания тиісті талап қойған күннен кейінгі жұмыс күнінің соңынан кешіктірмей Компанияның шотына Клиенттің Берешегінің қалған бөлігі мөлшерінде соманы аударуға және/немесе Компания көрсеткен шотқа қаржы құралдарын жеткізуді жүзеге асыруға міндетті.</p> <p><b>8. Клиентке тәуекел деңгейін беру тәртібі</b></p> <p>Компания Клиентті мынадай санаттардың біріне жатқызу арқылы әр Клиентке тәуекел деңгейін тағайындайды:</p>

<p>(ii) клиент с особым уровнем риска.</p> <p>По умолчанию Компания относит каждого Клиента к категории клиентов со стандартным уровнем риска.</p> <p>Отнесение Клиента к категории клиентов с особым уровнем риска осуществляется на основании заявления (запроса) о присвоении категории «клиент с особым уровнем риска», а также при соблюдении клиентом каждого из следующих условий:</p> <p>(i) Клиент является профессиональным инвестором и/или получил положительный результат тестирования, проведенного в соответствии с внутренними документами Компании в отношении соответствующих видов сделок, требующих проведения тестирования;</p> <p>(ii) между Клиентом и Компанией заключено дополнительное соглашение к Договору, определяющее условия совершения Клиентом сделок с использованием Маржинальных займов с особым уровнем риска.</p>	<p>(i) тәуекел деңгейі стандартты клиент;</p> <p>(ii) тәуекел деңгейі ерекше клиент.</p> <p>Әдепкі қалып бойынша, Компания әр Клиентті тәуекел деңгейі стандартты клиенттер санатына жатқызады.</p> <p>«Тәуекел деңгейі ерекше клиент» санатын беру туралы өтініш (сұрау салу) негізінде, сондай-ақ клиент мынадай талаптардың әрқайсысын сақтаған кезде:</p> <p>(i) Клиент кәсіби инвестор болса және/немесе тестілеуді өткізуді талап ететін мәмілелердің тиісті түрлеріне қатысты Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілген тестілеудің оң нәтижесін алғанда;</p> <p>(ii) Клиент пен Компания арасында тәуекел деңгейі ерекше Маржальық қарыздарды пайдалана отырып, Клиенттің мәмілелер жасауы талаптарын айқындайтын Шартқа қосымша келісім жасалғанда Клиентті тәуекел деңгейі ерекше клиенттер санатына жатқызу жүзеге асырылады.</p>
--	--